

2004-2005 оқу жылына Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін әскери-техникалық мамандар дайындау туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық Әкімінің 2004 жылғы 23 қыркүйектегі N 27 шешімі. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 1 қарашада 1481 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 1 Шешімімен

Ескерту.Күші жойылды -Жамбыл облысы әкімінің 2012.18.01 № 1 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қарулы Күштерді реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңдарына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар үшін оқу взводтарын жасақтау мен әскери-техникалық мамандар дайындаудың қоса беріліп отырған 2004-2005 оқу жылына арналған жоспар-кестесі бекітілсін.

2. Аудандар мен Тараз қаласының әкімдіктері, облыстық әскери комиссар М.М. Шоқпаров (келісім бойынша):

"Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалын уақытылы жасақтауды және әскери-техникалық мамандар дайындаудың 2004-2005 оқу жылына арналған жоспарын орындауды қамтамасыз етсін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық куәландырудан өткізсін. Оқуға науқас, сотталған және кезекті шақырылуға жатпайтын жасөспірімдердің жіберілу жағдайларын болдырмасын.

3. Облыс Әкімінің көлік басқармасы (Ә.Д. Тәңірбергенов) әскери-техникалық мектеп курсанттарына жеңілдетілген жол жүру билеттерін бөлсін.

4. "Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Тараз филиалының бастығы М. Мырзахалықов (келісім бойынша):

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар үшін әскери-техникалық мамандар дайындаудың 2004-2005 оқу жылына арналған жоспарының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етсін;

"Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалын практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылармен және өндірістік оқыту шеберлерімен жасақтасын, олардың әдістемелік дайындық деңгейін жоғарылatsын;

оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстан халықтарының тарихын зерделеу жөніндегі жұмысты жақсартсын. Дене шынықтыру дайындығы бойынша тұрақты оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастырсын және барлық әскерге шақырылушылардың қажетті тесттер тапсыруын қамтамасыз етсін;

"Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалының шаруашылық-есеп қызметін әскери-техникалық мамандар дайындау мен мектепті ұстауға жұмсалатын шығындардың орнын ішінара толтыру мақсатында қосымша ақшалай қаражат табу үшін пайдалансын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары К.М. Демешке жүктелсін.

Облыс Әкімі

Б. Жексембин

Келісілді:

филиалының бастығы

полковник

2004 жылғы 23

"2004-2005

Республикасының

үшін

дайындау туралы"»N 27 шешімімен бекітілген

"Қазақстан Республикасы
қорғаныс министрлігінің
әскери-техникалық мектебі"
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны Тараз

М. Мырзахалықов

Облыстық әскери комиссар

М. Шоқпаров

қыркүйектегі облыс Әкімінің

жылына

Қарулы

әскери-техникалық

Күштері

мамандар

**"Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің
әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік**

**қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалында Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштері үшін 2004-2005 оқу жылына оқу
взводтарын жасақтау мен әскери-техникалық мамандар дайындаудың
Жоспар-кестесі**

[illegible]

[illegible]

г і шақы руға бар лығы	60	2												900	876	180	
"В,С " жү ргіз ушіл ері		3					14							450	438	90	Сар ы п б е ков А. Бәй діл да ев С.
Бай зақ ауда ндық әске р и коми ссар иаты		8															
Жам был ауда ндық әске р и коми ссар иаты		7															
Та- раз қала лық әске р и коми ссар иаты		15															
БМП меха ник- жүр гізу шісі		4					28							450	438	90	Не до во де ев Ю. Са тыл ған

																	О В Ғ.
Бай зақ ауда ндық әске ри коми ссар иаты	7																
Жам был ауда ндық әске ри коми ссар иаты	8																
Та- раз қала лық әске ри коми ссар иаты	15																
Күз дегі шақы руға бар лығы	60	2											900	876	180		
Бар лығы	120	4											1800	1752	360		

Қосымша: Жаңатас, Жуалы, Қаратау, Қордай, Меркі, Мойынқұм, Т. Рысқұлов, Шу аудандық (қалалық) әскери комиссариаттары "Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Тараз филиалына шақырылушылар арасынан 3 адамнан жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша іріктеліп алынсын. Оқу топтары облыстық әскери комиссариаттың келісімімен жасақталсын.

